

ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жаңартылған білім мазмұнына сай оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі сөз болады. Соған сай түрлі оқыту технологиясының жеке тұлғаның қалыптасқан теориялық білімін коммуникативтік қарым-қатынаста сауатты қолдана білуді үйретуде тиімділігі айқындалады. Жалпы және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің, функционалдық сауаттылығының қалыптасу барысындағы аталған теорияның білім беру жүйесіндегі басымдық рөлі көрсетіледі.

Кілт сөздер: жаңартылған білім мазмұны, функционалдық сауаттылық, коммуникативтік әрекеттер, функционалды сауатты тұлға.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз-адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс тандай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - бүгінгі заманның талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ әдебиетімізді терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалдық сауаттылығын көрсете алады.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Қазақ тілі мен әдебиеттен оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарының мақсаты: оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға пайдалана білуге баулу.

Өзім сабақ беретін сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мынандай әдістерді қолданамын: белсенді оқыту, мән беріп оқыту, Блум жүйесі, сыни тұрғыдан ойлау, галереяда ой шарлау, қарлы кесек, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, Джигсо, т.б. Осы белсенді стратегиялар оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білуге үйретеді деп ойлаймын.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда Джигсо-көлемді мәліметтер мен мағлұматтарды оқушылардың өздігімен игеруге және бірін-бірі оқытуға тиімді тәсіл.

Мән беріп оқыту технологиясы (қатысымдық әдіс) функционалды сөйлеудің грамматикалық жағы мен лексикалық бірліктерді меңгертудің негізі болып табылады. Бұл әдіс бойынша оқушыларды сабақтың басынан бастап сөйлесім әрекетіне баулу, тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету ескеріліп отырады, өйткені кез-келген тақырыптағы тілдесім үдерісі сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау әрекеттері арқылы іске асады. «Рөлдік ойын» әдісі арқылы оқушылар тез тілдеседі, образға енеді, оқушы өзін танытады, достарының пікірімен санасады, дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіреді, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы: 5-сыныптағы F. Мүсіреповтің «Жаңа достар» шығармасы 2 сағатқа белгіленіп берілген. Егер 1-сағатында «Галереяда ой шарлау» стратегиясын қолданса өте тиімді болған болар еді. Шығарманы

бөліктерге бөліп, барлық оқушы онымен танысады. Содан соң айтылған деректерді плакатқа түсіреді. Топта ондағы кейіпкерлердің рөлін де ойнатуға болады. Шеген, Бораш, Қайрош өміріне ене отырып, қиындықтарды жеңуге, досқа адал болуға ұмтылады. «Ыстық орындық» әдісін оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту мақсатында оқытудың барлық кезеңдері мен түрлерінде жиі қолданамын. Мен оқушылардан үй тапсырмасын осы әдіс арқылы үнемі пысықтап отырамын.

Блум жүйесі арқылы оқушылардың алға қойған мақсатына жету жолдарын, өз ойың еркін жеткізе алатын жеткіншек дайындау үстіндемін.

«Сыни тұрғыдан оқу мен жазу» арқылы дамыту бағдарламасының дамыту жобасының идеяларын сабақ беру практикасында қолдану тиімді деп ойлаймын.

Функционалдық сауаттылықты дамыту аясында әдебиет пәнінде оқушыларға мәтінмен жұмыс жүргізуде бес аспекті бойынша жұмыс жүргізсек *төмендегідей біліктілікті қамтуға болады.*

- көркем шығармалар идеяларын анықтау және оларды авторлардың идеялық көзқарастарымен, елдегі қоғамдық-саяси және экономикалық жағдаймен, адамзаттың ғаламдық мәселелерімен салыстыра білу білігін қалыптастыру;

- оқырмандық мәдениетті қалыптастыру, көркем шығармаларды эстетикалық тұрғыда қабылдауға тәрбиелеу;

- көркем шығармаларды елдің мәдени элементі, бейнелеу, мүсін өнерлері шығармаларының негізі ретінде біртұтас қабылдауын қамтамасыз ету;

- көркем шығармаларды талдау барысында оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру.

- әдебиеттану саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша алғашқы дағдыларын қалыптастыру.

Қазақ тілі пәні бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда дамыта оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі проблемалық оқытудың да мәні зор. Бұл жөнінде М.И.Махмутов «Оқу үрдісін ұйымдастыру проблемалық ұстаным арқылы негізделеді, ал оқу проблемаларын жүйелілікпен шешу бұл оқытудың өзіне тән белгісі», - дейді [9, 265].

Себебі дамыта оқыту жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуына, таным қабілетінің артуына және тұлғаның интеллектуалдық қалыптасуына бағытталады, ал бұл проблемаларды жүйелілікпен шешу проблемалық оқытудың дамыта оқытумен бірдей екендігін көрсетеді.

Әрі функционалдық сауаттылықты қалыптастыру интерактивті әдіс түрлері арқылы жүзеге асады.

Дамыта оқытудың интерактивті әдістеріне мыналар жатады:

1) миға шабуыл әдісі, мақсаты – эвристикалық әдістің негізінде шамалы уақыт ішінде белгілі бір тақырыптың негізгі идеясымен танысу, соған сай өз пікірін білдіру;

2) қойылатын талап – алғырлық таныту, сыни ойын білдіре отырып, қысқаша тұжырым жасай алу;

3) дискуссия әдісі, мақсаты – белгілі бір тілдік тақырып бойынша зерттеу жасай отырып, талқылау, шешім іздеу, бір пікірге келу;

4) қойылатын талап – пікірталасқа қатысу үшін материалдар жинау, жүргізушінің сұрағына дәйекті жауап беру, қорытынды жасай алуға дайындалу;

5) топтық жұмыс әдісі, мақсаты – топтың шамалы уақыт ішінде ынтымақтастық педагогикасы негізінде әрқайсысының қатысуымен нақты бір тілдік тақырып бойынша зерттеу жасап, терең жан-жақты білім алу;

6) қойылатын талап – жұмыс тобына өз еркімен бөліну әрі әркім өз орнын, міндетін түсіне отырып, белгілі бір уақыт ішінде нақты анықтама, ереже қорытуға қатыса алу;

7) жаттығу әдісі, мақсаты – нақты бір тілдік тақырып бойынша оқушының түсінігі мен білімдік дағдысын қалыптастыру;

Ал қойылатын талап – белгілі бір уақыт ішінде нақты бір тілдік тақырып бойынша регламент сақтай отырып, қалыптасқан теориялық білімі негізінде, өзіндік ой қорытындысы негізінде презентация жасай алу, т.т.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының

калыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары. Астана, Әділет, 2012.
2. Қазақстан Республикасының Білім Заңы.
3. Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. –Москва: Педагогика, 1975. – 157 с.
4. «Оқу мен оқытудың белсенді әдістері». Астана, 2013ж.sabak.kz

Болтайханова Т. Ж.

**«Ортадересін жалпы білім беретін мектебі» КММ, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылы
Медиева С.Х.**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Аннотация. Мақалада бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, ой-әрекетін қалыптастыру қарастырылады. Оқыту процесінде бастауыш сынып оқушысының ой-әрекетін қалыптастырудағы мұғалімнің міндеті, оқыту процесіндегі ой-әрекетінің қалыптасу жолдарында танымдық белсенділіктің көріністері сондай-ақ, оқушының ақыл-ойын дамытуда, ойын технологиясының маңызы мен ойын барысында баланың өмір салты, айналадағы дүниені тану, еңбеккедеген көзқарасы, психологиялық ерекшеліктері қалыптасу жайғайы баяндалған.

Кілт сөздер: Бастауыш сынып, мектеп бағдарламасы, таным процестерді, практикалық іс-әрекеті, ой-әрекеті, мұғалімнің міндеті, білім беру, жан-жақты дамыту, грамматикалық, лексикалық-фонетикалық.

Бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, олардың тіл байлығын және өз ойын сөйлеу арқылы басқаларға жеткізу тәсілдерін қолдаудың ойлау процесін қалыптастыруға қосатын үлесі өте үлкен.

Қазіргі бастауыш мектеп бағдарламасы барлық таным процестерді жедел дамыту жолдарын ескере отырып жасалған оқулықтар мазмұны ойлауды дамытуға үлкен үлесін қосады. Дегенмен осы проблеманы шешу үшін әр мұғалім ойлау қабілетінің ерекшеліктерін, оны дамыту жолдарын толық түсінуі қажет.

Жас бала үшін мәселені шешудің бірінші құралы – оның практикалық іс-әрекеті. Бала мәселені шешу үстінде өзіне берілген затпен тікелей іс-әрекет жасайды. Мұның мәнісі шешілуге тиісті нәрсенің көрнекті түрде берілуінде және практикалық іс-әрекетінің қатысуымен шешілуінде ойлаудың осы сатысындағы маңызды ерекшеліктерінің бірі – сөздік өрнектер арқылы ойлау болып табылады, тіпті жас баланың ойы ең «ақылды» деген маймылдың ойлауынан түбегейлі айырмашылығы да осы арада. Ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай дәлелдерінде. Ойлауға түскен құбылыс көз жетерліктей етіп нақты түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар ойлау жолымен ашылады. Ойлау – танымның жоғары сатысы. Оның айрықша ерекшелігі – сөзбен тығыз байланыстылығы. Ойлаумен сөйлеу органикалық бірлікте болады. Ой шындығы тіл арқылы беріледі. Шындықтағы себеп-салдарлық байланыстар тәжірибеде танылып, белгілі тілдік формалармен аталады. Адам дүние құбылыстарын тани отырып, бұларды бірінші және екінші сигналдық жүйелер арқылы бейнелеп, түрлі сөздермен өрнектейді. Әрбір қабылданатын зат, құбылыстың белгісі, қозғалысы, күйі не қатынасын сөзбен атай отырып, адам оларды жалпылайды. Ойлау арқылы заң, ереже түйінделеді, фактілер қорытылады, электронды күрделі механизмдерді пайдалана отырып, тікелей қабылдауға болмайтын құбылыстардың мән-жайын танып біледі. Ойлау шындық жанама жолмен танылады.